



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ BIOTEХНОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК ЖӘНЕ BIOPESУРСТАР
КАФЕДРАСЫ



**Әртүрлі тіршілік формаларының
фитоценоздағы рөлі.**

▶ **Қарастырылатын сұрақтар:**

- ▶ 1. Фитоценоздар флорасының географиялық элементтеріне түсінік қалыптастыру және талдау
- ▶ 2. Фитоценоздардың комплекстігі дегеніміз не, ғылымда алатын орнына мысал келтіре отырып талдау жүргізу
- ▶ 3. Өсімдік тіршілік формасының өзгерістеріне талдау жүргізу

- ▶ Әрбір фитоценоздың орналасқан территориясын оның тіршілік орны немесе биотоп деп атайды. Тіршілік орны дегеніміз ол географиялық және топографиялық түсінік емес, экологиялық және фитоценологиялық түсінік. Тіршілік орны деген түсінік ол фитоценоздың өмір сүріп жатқан территориясының экологиялық жағдайының жиынтығы. Жердің бетіндегі өсімдіктер болмаған учаскелер кеңістіктегі ортаның абиотикалық факторларының үйлестірілуімен сипатталады бұл экотоп деп аталады. Биотоп немесе тіршілік орны – күрделі экологиялық факторлар комплексі.
- ▶ Шенников (1964) мыналарды ажыратады : 1. экотоп – белгілі учаскедегі өсімдіктер пайда болғанға дейінгі – бейорганикалық ортаның абиотикалық жағдайлардың жиынтығы : оған жататындар : климат, топографиялық жағдай, геологиялық жыныстар.



Биогенді факторлар комплексі – дербес өсімдіктердің, фитоценоздың, көрші өсімдіктердің, микроорганизмдердің, жануарлар, биотикалық ортаның әсерінен пайда болған қасиеті.



Табиғи – тарихи факторлар және уақыт факторы : өткен замандағы климаттың, топырақ және грунттың құрылуындағы өткен этаптарының геологиялық тарихының жер беті формасы тарихының, бұл жерде бұрын болған өсімдіктер жабыны типінің флора және фауна тарихының қазіргі тіршілік жағдайының ұзақтығының әсерлері



Антропогенді факторлар – жойып жіберуге қабілеті бар барлық абиотикалық факторларға адамның әртүрлі әрекеттерінің әсері. Фитоценоздың тіршілік орны — өсімдіктермен ортаның әрекеттестіктерінің аренасы фитоценоз экотопикалық және фитоценодикалық сұрыпталу нәтижесінде қалыптасады.

- ▶ Экологиялық факторлардың әсері нәтижесінде өсімдіктің айқын сырт көрінісі, кейпі, оның тіршілік формасы қалыптасады. “Тіршілік формасы” деген термин бірінші рет Варминг (1884) ұсынды. Ол өмір бойы сыртқы ортамен үндестікте болатын индивидтік денесінің формасын тіршілік формасы деп атады. Тіршілік формаларының классификациясының ішінде дұрыс қабылданып, көп тарағаны Раункиер классификациясы. Ол тіршілік форманың негізіне жылдың қолайсыз уақыттарына өсімдіктердің шыдап ерекшеліктерінің ішінен бір белгісі ретінде тоқтаған (жаңару) бүршіктердің немесе су бетінде қатысты орналасуына байланысты тіршілік формаларын 5 топқа бөледі



Фанерофиттер – Р – бұршіктері топырақ бетінен 30см және одан жоғары ауада орналасқан.




Хамефиттер (ch) – қолайсыз кезеңде бұршіктері топырақ бетіне жақын (20-30см) орналасқан.



Стенобионттар (stenos – тар, bios — өмір) ортаның салыстырмалы тұрақты жағдайында өмір сүруге қабілеті бар экологиялық бейімделу.



Эврибионттар (eurus – кең және bios — өмір) әртүрлі жағдайда өмір сүруге қабілеті бар экологиялық бейімдеушілікке ие организмдер. Эвритермді түр – температураға қатысты болып, кең амплитудалы жағдайда өмір сүре алады. Стенотермді – температураның өзгермейтін қысыққа жағдайында өмір сүре алады.



- ▶ Фитоценоздар флорасының географиялық элементтері
- ▶ Фитоценоздар формациясының және басқа өсімдіктер жабындыларының флорасында үш тобын ажыратуға болады : эндемдер, аэндемдер, эйремдер. Эндемдер – географиялық шағын аймаққа ғана таралған басқа жерде кездеспейтін түрлер : аэндемдер осы шағын аймақта пайда болған, бірақ қазіргі ареалы ол аймақ территориясынан шығып кетпек.
- ▶ Эйремдер – бұл аймақ территориясынан сырт жерде пайда болған түрлер.
- ▶ Флоралық дүниелер / царства
- ▶ Флоралық дүние ең үлкен флоралық бөлім. Жер шарында бір –бірінен флорасымен кенет өзгешеленетін алты флоралық дүниелер аймақтар бар.

Голарктикалық дүние. Ол Солтүстік жарты шарының тропикадан басқа бүкіл бөлігін қамтиды.

Полетропикалық дүние – ол ескі әлемнің барлық тропикалық (ыстық жақтар) аудандарын қамтиды, көптеген қысы суық аймақтарда кездеспейтін тропикалық тұқымдастардың болатандығымен ерекшеленеді. Мұнда үш дүние тармағы бөледі. а) аффрикалық, б) индо –малайлық, в) полинезиялық.

Неотропикалық дүние – бұған Мексика. Орталық және Оңтүстік Америка жатады. Бұл дүниеде палетропикалық дүниеде кездесетін тропикалық тұқымдастар өте көп кездеседі.

Австралиялық дүние – бұл флоралық дүние ерекше оңашаланған жағдайда мұндағы барлық түрлердің 86% тек қана Австралияда кездеседі.

Антарктикалық дүние –бұл дүние Оңтүстік Америкадан жана Зеландияға дейін созылып, Антарктика континентін қоршап жатады.

Кап дүниесі – бұл флоралық дүниелердің ішіндегі көлемі жағынан ең кішкентайы. Оған тек Африканың Оңтүстік батыс шегі ғана кіреді. Бұл дүниеде 6000-нан астам гүлді өсімдіктер түрлері кездеседі.

► Фитоценоздардың комплекстілігі

- Комплекстілік – бірландшафтағы әртүрлі ассоциациялардың экотоп жағдайына байланысты алмасулары салдарынан өсімдіктер жабынының біркелкі емес формалары. Комплекстегі фитоценоздар экотондағы (грек oikos – үй, tonos – пішін, түр, рен) – қауымдар арасындағы өтпелі микророна сукцессиялар арқылы бір – бірімен байланысты. Олардың бағыты осы аймақтағы байырғы, түпкілікті өсімдіктер жабыны типтерінің қалыптасуында, өсімдіктер және топырақ комплексі дамуының жалпы стратегиясына сәйкес болады. Комплексіне енетін ассоциациялар санына байланысты олар екі мүшелі, үш мүшелі, төрт мүшелі т.б. болып бөлінеді.
- Егерде фитоценоздардың алмасуы бір жүйеде тұрақты болмай әртүрлі сипатта болса, фитоценоздардың мөлшері әр қалай болса ол комплекстілік емес комбинация (combina – қосамын жалғаймын) деп аталады. Комбинация территория өсімдіктері жабынының бөлігі. Комбинация – микрокомбинация (кіші) лизокомбинация (орташа және макрокомбинация) үлкен болып бөлінеді мыс : ормандарда раушан комбинацияларын көруге болады.

▶ **Оқу әдебиеттері:**

- ▶ 1. Перечень объектов охраны окружающей среды, имеющих особое экологическое, научное и культурное значение. Утвержден Постановлением Правительства РК от 21 июня 2007 года № 521. - Астана, 2017 – 27 с.
- ▶ 2. Емелиянова Л.Г., Огарь Г.М. Биогеографическое картографирование. Учебное пособие. М., 2016, 142 с.
- ▶ 3. Перечень редких и находящихся под угрозой исчезновения видов растений. Утвержден Постановлением Правительства РК от 31 октября 2006 г. №1034, - Астана, 2006. - 9 с.
- ▶ 4. Миркин Б.М., Наумов Л.Г. Биологическое разнообразие и принципы его сохранения. Учебное пособие. Уфа, РИО БашГУ, 2014. - 124 с.
- ▶ 5. Овеснов С.А. Местная флора Флора Пермского края и ее анализ Учебное посо Ботаническая география Казахстана и Средней Азии в пределах пустынной зоны. Под.ред. Е.И. Рачковской. - СПб., 2013.
- ▶ 6. вропейская стратегия сохранения растений. Совет Европы и «Планта Европы», М.: Изд-во ЮСН для России и стран СНГ, 2013. 39 с.
- ▶ 7. Кашьин В.Б., Сухинин А.И. Дистанционное зондирование Земли из космоса. Цифровая обработка изображений. М.: Логос. 2016. - 264 с.
- ▶ Галамтор ресурстары:
- ▶ 1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru/>
- ▶ 2. <https://www.youtube.com/watch?v=uupXaKTberw>
- ▶ 3. <https://www.youtube.com/watch?v=IdRJWmlnvNI>
- ▶ 4. <https://www.youtube.com/watch?v=nCXTTKNosg4>